

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық
оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

ХАТТАМА

Күні: 09.01.2023 жылғы №01/23

Қатысқандар

Бас дәрігер - М.С. Ермаханбетова

Бас дәрігердің емдеу – ісі жөніндегі орынбасары – С.А. Реметов

Орталық аурухананың бөлімше қызметкерлері: 107 (жүз жеті) адам (тізімі қоса беріліп отыр)

Кіріспе бөлік

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы»
Бас дәрігер: М.С. Ермаханбетова
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары»
Бас дәрігердің емдеу – ісі жөніндегі орынбасары: С.А. Реметов
3. ҚР заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтың туындауына себептерді болдырмау және алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
Жауапты маман: комплаенс офицер: М.Д. Төрехан

Негізгі бөлік

1. ТЫҢДАЛДЫ:

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Орталық аурухананың Бас дәрігері М.С. Ермаханбетова - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және

жариялауды қамтиды. Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

Орталық аурухананың, мекеме қызметкерлеріне өзінің жұмысын адал атқаруын, науқасқа жақсы қарап, оған қажетті ем-шаралар және дәрі-дәрмектер уақытылы беріліп отыруын, яғни науқасқа жақсы қарамаса сыбайлас жемқорлықтың туындауына себеп болатыны сөзсіз, демек науқас жақсы ем алу үшін ақша ұсынуына себеп болады, кімде-кім өзінің міндетін адал дұрыс атқармай болмаса, атқару кезінде науқастан ақша сұраса немесе науқас уақытылы жақсы қараңыз деп өтініш жасап ақша ұсынатын болса, алған адамда берген адамда екеуіде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қылмыстық кодекс» Заңдарына сәйкес жазаға тартылатын ескертіп өтті.

Осы орайда, “Ал мемлекеттік қызметкерге пара берілген жағдайда мүлік тәркілеумен қоса мемлекеттік қызметті атқару құқығынан өмір бойына айырылады. Параның 20-дан 50 еселенген сомасына дейін айыппұл арқалайды. Болмаса 3 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуыда”, – мүмкін екенін жеткізді.

Сонымен қатар, парақорлыққа делдал болғаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жаза қарастырылған.

“Яғни, пара сомасынан 10 немесе 20 еселенгенге дейінгі айыппұл төлеуі қажет. Сондай-ақ мүлкі тәркіленіп, мемлекеттік қызметтер мен лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айырылады. Не болмаса 2 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуыда”, – мүмкін екенін айтып өтті.

Агенттік өкілдері мемлекеттік қызметкерлер қызметтік өкілеттіктерін пайда табу не басқа адамдарға зиян келтіру үшін өз мүдделеріне пайдаланса, 2 000-нан 6 000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі айыппұл (6 126 000 теңгеден 18 378 000 теңгеге дейін) төлейтінін ескертті.

“Сонымен қатар бөтеннің мүлкін иемденгені және талан-таражға салғаны (ұрлағаны) үшін 1000 АЕК-ге дейін (3 063 000 теңге) айыппұл салынады. Яғни орталық аурухананың науқасқа берілетін бюджет қаражаты есебінде келген қымбат барлық дәрі-дәрмектер түрі, аурухананың қымбат бағалы құнды заттары мүлкіне қасақана зиян келтіретен болса ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 202-бабы, 1-бөлігімен жауапкершілікке тартылады. Егер бұл жаза қолданылмаса 800 сағатқа дейінгі түзеу жұмыстарына немесе қоғамдық жұмыстарға қатысуы мүмкін. Сондай-ақ мүлкі тәркіленіп, 3 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасына немесе өмір бойына белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салынып, сол мерзімге темір торға тоғытылатынын”, – орталық аурухана қызметкерлердің назарына жеткіземіз.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Құрметті орталық аурухана қызметкерлері, әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты айқын биік нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен жетуге тырысыңдар деп өз сөзін аяқтады.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Бас дәрігердің емдеу – ісі жөніндегі орынбасары: С.А. Реметов – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңдық сараптама жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық сипаты бар нормаларды анықтауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыруды және сақтауды;
- қаржылық бақылауды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді;
- мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешуді;
- кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы қалыптастыруды және жариялауды қамтиды.

Жоғарыда аталған сұрақтарға қысқаша шолу, Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңбұзушылық жайлы хабар бергендерге қанша сыйақы қарастырылған деген сұраққа тоқтала өтетін болсақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қылмысына қатысы бар тұлғалар жайында ақпарат берілсе, азаматтарға ақшалай сыйақы төленеді.

«Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1131 қаулысына сәйкес. “Егер қылмыс сомасы 1000 АЕК-тен аспаса (3 063 000 теңгеге дейін), Онда сыйақы:

- құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК-ні (91 890 теңге);
- Оңша ауыр емес қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК-ні (122 520 теңге);
- Ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК-ні (153 150 теңге);
- Ауыр қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК-ні (214 410 теңге);
- Аса ауыр қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК-ні (306 300 теңге) құрайды”, – деп нақты көрсетілген.

Алайда пара немесе залал сомасы 1000 АЕК-тен (3 063 000 теңгеге дейін) көп болса, онда сыйақы мөлшері сол соманың 10%-ын ғана құрайды. Ең жоғары төленетін сома – 4000 АЕК (12 миллион 252 мың теңге).

Сондай-ақ өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының әр жүйесіне тоқталып түсініктеме беріп өтті.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН:

Орталықтың комплаенс офицер М.Д. Төрехан сыбайлас жемқорлық саясатының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, құрылымдық және қоғамдық ұйымдардың жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Орталық ауруханада ем алу кезіндегі дәрігер, медбике, тазалықшы тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу және оларға қатаң бақылау қою.

Орталық аурухананың әр қызметкері білуі тиіс:

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібі;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.

Комплаенс офицер М.Д. Төрехан бүгінгі тақырып негізінде, сөзімді **Жемқорлықсыз нұрлы- қоғам болашақ кепілі** деп қорытындылады.

Бас дәрігер

М.С. Ермаханбетова

Бас дәрігердің емдеу – ісі ЖО

С.А. Реметов

Комплаенс-офицер

М.Д. Төрехан













«Т.О.Орынбаев атындағы ГОО» қызметкерлердің назарына ЕСКЕРТУ

Орталық аурухананың, аурып ем қабылдап жатқан науқасқа берілуге тиіс болған дәр-дәрмектерді, өзінің бас пайдасына ойлап бөлімшеден болмаса дәрі сақталатын қоймадан ұрлаған жағдайда, «ҚР Қылмыстық кодексіне» сәйкес жауапкершілікке тартылады және науқастың жағдайын сұрап білуге артынан келген ата-анасы немесе, жақын ағайын-туыс бауырларынан алдап

акша сұрап алу немесе жақсы күтіп-қарау үшін акша сұрау т.б. қандай да бір жолмен акша алатын болса істеген әрбір ісіне аурухана қызметкерлері өз мойнымен жауапкершілікке тартылатынын ескертеміз.

Жоғарыда аталып көрсетілген баяндамамен таныстым

Жиналысқа қатысқан қызметкерлер тізімі:

№	Тегі Аты Әкесінің аты	Қолы
1.	Аллашова Аманжол Серікбайұлы	
2.	Аманжол Серікбайұлы	
3.	Аманжол Серікбайұлы	
4.	Аманжол Серікбайұлы	
5.	Аманжол Серікбайұлы	
6.	Аманжол Серікбайұлы	
7.	Аманжол Серікбайұлы	
8.	Аманжол Серікбайұлы	
9.	Аманжол Серікбайұлы	
10.	Аманжол Серікбайұлы	
11.	Аманжол Серікбайұлы	
12.	Аманжол Серікбайұлы	
13.		
14.		
15.		
16.		
17.		
18.		
19.		
20.		
21.		
22.		
23.		
24.		
25.		
26.		
27.		
28.		
29.		
30.		
31.		
32.		
33.		